Кейс иллюстрации - это иллюстрации, используемые для рассмотрения проблемных ситуаций. Цель работы с ними - проанализировать суть проблемы, проанализировать возможные решения и выбрать наилучшее.

Рассматривая иллюстрации, дети могут составить представление о полученной информации, причинах и решениях, и на этой основе они могут предполагать и строить

прогнозы. Тематические иллюстрации активизируют мышление детей, развивают воображение и развивают эмоции.

Кейс-фото - это интерактивная методика краткосрочного обучения, основанная на реальных или вымышленных ситуациях, в первую очередь направленная на формирование новых качеств и навыков. «Фото-кейс» включает в себя картинку, всю же те которой отражена проблема, текст к кейсу, описывающий ряд событий, задание - правильно поставленный вопрос. Оно должно быть мотивировано на решение проблемы.

Кейс - иллюстрация очень похожа на фото-кейс. Иллюстрации к кейсу - это изображения, которые можно загрузить из Интернета, а фото - кейсы - это фотографии из реальной жизни.

Проигрывание ролей с использованием кейсов

Проигрывание ролей - это когда кто-то играет определенную роль, исполняет ее. Проигрывание ролей с использованием кейсов - это та же сюжетно-ролевая игра, есть только проблема, просто играйте в игру, кейс поможет детям запомнить и применить полученные знания на практике.

Приведу пример, я беру роль медведя, а дети - остальные жители леса.

Медведь: Ой-ой-ой, какой же я больной.

Болят живот и голова,
Болят и лапки, хвостик,
Болят и зубы у меня –
Теперь больной совсем уж я.

Воспитатель: - А теперь дайте совет медведю как укрепить и сохранить здоровье. Что нужно делать, чтобы не болеть? (Лесные жители дают советы медведю.)

Медведь подводит итог: Спасибо, вам ребята, теперь я знаю, чтобы быть здоровым нужно.... (что предложат перечислить)

В этом случае дети запомнят, что нужно делать, если они заболеют, поговорят, предложат какие – то решения, выберут для себя оптимальный вариант и подарят мишке, главное, чтобы все варианты были правильными и индивидуальными.

Конкретные кейс - ситуации

Конкретная кейс – ситуация - это ситуация, которая произошла конкретно на месте, все детально анализируется и определяется. Кейс - стадии - это методики, в которых используются описания реальных экономических, социальных и образовательных ситуаций (от английского case — дело). Это письменное описание конкретной реальной ситуации, анализ проблемы, который позволяет понять ее суть, предложить возможные решения и выбрать лучшее из них. Необходимо различать проблемные ситуации. [3]

Главной отличительной чертой кейс - технологии является создание проблемных ситуаций на основе фактов из реальной жизни. Кейс не предлагает проблему в открытой форме дошкольникам, им нужно отделить ее от информации, содержащейся в описании кейса.

Кейс «Аленка потеряла куклу»

Цель: учить определять и обозначать словами положение предмета относительно себя: вверху, внизу, посередине, справа, слева, на, под, в и т. д.

Текст: Сегодня Аленка пришла в детский сад с куклой. Придя с прогулки, она не нашла свою любимую игрушку и расплакалась.

Вопросы:

- Как бы вы поступили на месте Аленки?

Решение кейсов рекомендуется проводить в следующем порядке:

Первый этап – знакомство с ситуацией, ее особенностями.

Второй этап – выделение основной проблемы (основных проблем).

Третий этап – предположение проблемы (Почему? Из-за чего? Какие могут быть последствия?).

Четвертый этап – анализ последствий принятия того или иного решения.

Пятый этап – решение кейса – предложение одного или нескольких вариантов (последовательности действий).

Рассмотрим пример кейс – иллюстрации:

Переходим к решению ситуации по этапам:

- Первый этап – ребенок видит иллюстрацию и рассматривает её.

- Второй этап – ребёнок должен увидеть, что за проблема изображена на иллюстрации.
- Третий этап – каковы могут быть последствия, если ничем не помочь в данной ситуации?
- Четвертый этап – какой выход можно найти из сложившейся проблемной ситуации? Предположите свои варианты решения исходя из данной ситуации.
- Пятый этап – решение кейса – предложение одного или нескольких вариантов (последовательности действий).

Этот кейс можно использовать в любой режимный момент в течение дня, в детских игровых занятиях, экспериментальных занятиях, художественно-эстетических занятиях. Кейс - технология может быть использована в образовательной практике.

Кейс – технология позволяет педагогам использовать их для различных целей на любом этапе обучения, т.е.они могут быть использованы во всех возрастных группах.

Организация работы не требует дополнительных занятий, но предусматривает интеграцию содержания работы во все виды деятельности [4]

Таким образом, кейс - технологии в образовательном процессе помогают повысить интерес ребенка к изучаемому материалу, развить такие качества, как умение грамотно слушать и излагать свои мысли. Основная цель кейс -технологий – развить умение исследовать различные проблемы и находить для них решения.

Эти кейсы можно использовать как при непосредственном обучении, так и в самостоятельных занятиях с детьми. Использование этой методики развивает и активизирует мыслительные способности дошкольников. Они начинают не только «учиться» как чему - то, не связанному с ними или современной жизнью, но и полноценно участвовать в ситуации и ее создателе. [5]

Список использованной литературы:

1. «Современные способы активизации обучения» Т. С. Панина, Л. Н. Вавилова М. 2008 г.

2. «Энциклопедия образовательных технологий» Г.К. Селевко в 2 т. М. НИИ 2006 г

3. Технология развития навыков сотрудничества у старших дошкольников.

Римашевская Л.С. – М.: Центр педагогического образования, 2007.

Электронная литература:

4. Развитие коммуникативных способностей детей дошкольного возраста в игровой деятельности. Орлова Н.Ю.. <http://pedsovet.org.ru>.

5. Развитие коммуникативных способностей у детей старшего дошкольного возраста. Ильясова Е.Ю. <http://festival.1september.ru>.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ АРТ-ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қисабекова Нұрайым Болатқызы,
«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша
білім бөлімі» ММ «Оқушылар сарайы» МКҚК педагог-психологы

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттердің бірі – ол бала тәрбиесі. Ел тізгінін берік ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу - біздің борышымыз. Еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірибесінде қолданып отырса бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

Психологиялық көзқарас тұрғысынан мектепке дейінгі білім беру құрылымы баланың білімді ғана игеріп қоймай, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына: өзін-өзі бағалауға, эмоционалды қажеттілікке, сондай-ақ баланың басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіндегі әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне негізделуі керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Көптеген кіші мектеп жасындағы балалар өзінің ойын, қобалжуын сөзбен жеткізуге қиналады. Олар үшін өз ойын жеткізудің оңай жолдары ойын барысында, бейнелеу өнері немесе шығармашылық белсенділіктің басқа да формаларымен байқалады.

Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия болып табылады. Сондықтан, бұл терапия қарқынды даму үстіндегі психотерапиялық әдістердің жаңа түрі болып табылады. Терапияның бұл түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие екендігі белгілі. Арт-терапия – балалармен психологиялық жұмыс жүргізуде орны баға жетпес әрі өте тиімді әдіс. Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. «Арттерапия»– термині (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу). Арт терапия

- бұл емдеу ғана емес, сонымен қатар креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек көрсету.

Қосымша білім беру ұйымдарында тұлғаны үйлесімді жан-жақты дамыту үшін арт-терапияның мынадай бағыттарымен жұмыс жүргізудің маңызы зор:

- Құм терапиясы - адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менін», өзін тануға, өзіне өте маңызды, жан тебірентерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі. Құм терапиясы - клиенттің немесе емделушінің мәселелерін жөндеуге және проблемаларды оған қауіпсіз түрдегі рольдік қимыл-әрекеттің түрі, бейнелеме (символика) арқылы әлемге айтарын жолдауды қолдану арқылы анықтауға көмек көрсетеді. Құм терапиясы - балаларға үлкен мүмкіндік, баланың уайымдау немесе қайғыру сәтін ашып көрсете алады. Сәби құммен ойнап отырып, өзінің бойындағы ауыр сезімді ұмыта бастайды. Құммен ойнағанда бала қателесуден қорықпайды. Қарапайым ойнау әдісін іске асырады.

- Музыканың терапиялық әсері бұрынғы заманнан бері белгілі. Музыка терапиясының негізгі механизмдерінің әсері әдістің әр адамға ыңғайлы әрі қолайлылығын көрсетеді.

- біріншіден, ырғақ сақталған музыка мидың бөліктеріне әсер ету арқылы оның жұмыс істеуіне көмектеседі;

- екіншіден, әр музыканың өзіндік белгілері бар. Адамның белгілі бір жағдайы мен көңіл күйімен байланыса отырып, адам бойында белгілі бір эмоцияның пайда болуына

әсер етеді.

- Бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты - баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады.

- Ойын терапиясы арт-терапияның бір түріне жатады. Бұл терапияны жүргізу үлкендер мен балалардың әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жеңу үшін, жеке және эмоционалды дамуы үшін арнайы ойындар қолданады. Егер бала ойынға белсенді және бар ықыласымен қатысса, емдеу әсерлі болады. Ойын баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен қарым-қатынасын анықтауға көмектеседі, ересек өмірге дайындайды.

Арт-терапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек, тұлға шығармашылығын дамытуда арттерапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Г. М. Конхашова
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы
«Арман» бөбекжайы КМҚК

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымда ұлттық құндылыққа негізделген жоба бойынша балалармен, ата-аналармен және педагогтермен атқарылған жұмыс түрлері, тіл үйренуде қолданылған инновациялық ойын технологиялары ұсынылады.

Аннотация: В статье представлены формы работы с детьми, родителями и педагогами по проекту, основанному на национальных ценностях в дошкольной организации, инновационные игровые технологии, применяемые при изучении языка.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, инновациялық ойын технологиясы

Ключевые слова: национальные ценности, инновационные игровые технологии

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Ал құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі[1,43-б]. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерді ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұрасымен, рухани байлығымен тәрбиелей отырып, жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз[2,135-б]. Осы орайда біздің бөбекжайымыз ұлттық құндылықтарға негізделген жоба бойынша жұмыс жасап жатыр. Яғни, рухты, патриот, толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу көзделді. Қазіргі таңда ақпараттық кеңістіктің орысша болуына байланысты бүлдіршіндеріміздің тілі орысша шығып, тіліміз де, ұлттық құндылықтарымыз да артта қалып жатыр. Бұл мәселелерді шешуде жас ұрпақтың бойындағы Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, өз елінің тілі, ұлттық өнері, салт-дәстүрі, мәдениеті мен жалпыұлттық құндылықтары негізінде тәрбиелеуді мақсат етіп қойдық. Жоба барысында Ұлттық, отансүйгіштік, зияткерлік, ынтымақтастық, отбасылық құндылықтар қалыптастырылып, креативті, қоршаған орта мен азаматтық сауаттылық, коммуникация құру дағдылары дамытылды.

Жобаны іске асыруда мына міндеттер қойылды:

- Қазақстанның мәдени-тарихи өткенін құрметтеуге бағытталған іс-шаралар

жүргізді;

- туған өлке және оның табиғатын, салт-дәстүрі мен ұлттық өнерін дәріптейтін іс-шаралар ұйымдастырылды;
- ұлттық құндылықтарға негізделген инновациялық ойындар арқылы тіл үйрену;
- қазақ тілін меңгеруде QR технологияларының элементтерін ойын іс-әрекетінде қолдану.

Жоғарыда аталған міндеттер үштік одақтың, яғни педагог, ата-ана және баланың ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылды.

Бала тәрбиесінің негізі — бұл оның отбасы, яғни ата-анасы. Отбасының да, балабақшаның да мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата - ана құшағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны сөзсіз[3,123-б].

Ғабиден Мұстафин айтқандай «Ата – ана қадірін білген бала халық қадірін білер, халық қадірін білген бала ата – ананың да қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін мәдениетін, өнерін, тілін қадірлеуді ата – ана және ұстаз боп үйрету керек»[4,56-б]. Ендеше «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, отбасы-балабақша бірлесе ынтымақтаса отырып, оқу тәрбие жұмысын мақсатты жүргізсе, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымызға жетеміз. Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез – келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор.

Осыған орай бөбекжайымызда «Қарашаңырақ» отбасылық клубы, «Шеберлер қалашығы» педагогтер клубы, «Біздің таланттар» әдеби-театр клубы құрылып, «Кішкентай FOOD блогер» айдары жүргізіліп отырды. «Біздің таланттар» әдеби-театр клубына қатысушы бөбекжай бүлдіршіндері арасында «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!» Абай оқулары, «Ертегілер елінде» ертегілер шеруі өткізілді.



«Кішкентай блогер» бойынша тәрбиеленушілеріміз «Ұлттық аспаптар», «Ұлттық бұйымдар», «Ұлттық әшекейлер» АЙДАРЫ барысында жасалу жолын айта отырып, аналарымен, әжелерімен бірге әзірлеп, оларды видеоролик түрінде бөбекжайдың әлеуметтік желісінде бөлісті.



«Қарашаңырақ» отбасылық клубында ата-аналарды қатыстыра отырып «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы, «Тәуелсіз елім-Қазақстан» қолөнер галереясы өткізілді. Бұл іс-шараларда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, коммуникация құру, креативтік дағдылар дамытылды, ұлттық мәдениетімізге деген құрметтері тәрбиеленді.

«Шеберлер қалашығы» педагогтер клубы: киіз басу, ши тоқу, киізден бау өткізу сияқты ұлттық қолөнерімізді заманауи техникалар арқылы жаңғыртып, бөбекжай тәрбиеленушілеріне үйретті.


Бұл технологияларды қолданудың мақсаты: қазақтың ою — өрнектерін, тұрмыстық заттарын пайдалану арқылы; ою-өрнек атауларын, түстерді қазақша меңгерту; ұсақ қол моторикасын дамыту, ұлттық салт-дәстүрді жаңартуға, сақтауға тәрбиелеу [5,36-б].



«Қоржын жасау» (баумен тоқу технологиясы)



«Аққала» (құрғақ киіз басу технологиясы)



«Қошқар мүйіз» (ши тоқу технологиясы)

Аталған іс-шаралардың барлығында қазақ және орыс топтарындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тілін меңгеру, сөздік қорларын байыту, молайту, сөздіктерінің белсенділігін арттыру, күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, тіл мәдениетін жетілдіру, сөйлем құрап, сөйлесу тәжірибесін ұдайы ұйымдастыру бірінші кезекте болды.

Инновациялық ойын технологиясының элементтерін ұлттық құндылықтарға негіздей отырып пайдалану арқылы тіл үйренуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылды. «Оюлар сөйлейді» Лулия шеңбері арқылы ойында балалар алдымен оюды қазақша атап, оның қандай жануарға, құсқа немесе жәндікке ұқсас екендігін айтып, қажетті суретті немесе ойыншықты қояды. Блум текшесі әдісін қолдану арқылы ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар, ұлттық әшекейлер, ұлттық ыдыстар атауларын үйретіп, есте сақтау қабілеттері артты, қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылу ерекшелігі сақталды.

Додекаэдр инновациялық технологиясы түстерді, сандарды, жыл мезгілдерін, яғни кез-келген тақырыпты оқытуда таптырмайтын әдістердің бірі. Балаларға пішіні де қызығушылық туғызады.

«Киіз үйде не бар?» фонарик әдісі, «Игровизор» гравикалық тренажер ойыны балалардың тілін дамытудың, дүниетанымын қалыптастырудың, оларға ұлттық тәрбие берудің бірден-бір жолы болып табылады.

«Төрт түлік» мнемокесте технологиясы арқылы балаларға қазақ халқы үшін төрт түліктің маңыздылығын, еті мен сүтінен тамақ, терісі мен жүнінен киіз үй жабдықтарын, түрлі бұйымдар жасағанын, кесе киім болғанын түсіндіріп, тілдің грамматикалық құрылымын сақтай отырып, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын байыту, төрт түлік туралы мақал-мәтелдер жаттату көзделді.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Тілді оқыту барысында елдің мәдениетімен, ұлттық ерекшеліктерімен таныстыра отыра оқыту керек. Ұлттық мәдениетімізді дамытатын, мәдени мұраларымыздың мәнін түсінетін ұрпақты тәрбиелеу - бүгінгі жаһандану дәуірінде маңызды орында болу қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Уразова З.З. «Қазіргі отбасы тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану мүмкіндіктері» 2019ж.
2. Арғынбаев Х. А. «Қазақ отбасы» Алматы: Қайнар, 1996ж.
3. Бөлеев Қ. «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау» Алматы: Нұрлы Әлем, 2004ж.
4. Ғаббасов С. «Халық педагогикасы негіздері» Алматы: Ғылым, 1995ж.
5. Ауелбеков Е. «Қазақ қолөнерінің ерекше түрі-ши тоқу өнері» Қазақстанның ғылыми әлемі, 2011ж.

«ҚЫЗЫҚТЫ ҚОСЫМШАЛАР» ТІЛТАНЫМ КУРСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мустафина Алия Сатыпалдыновна
Педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші
Қарағанды облысы білім басқармасы Осакаров ауданы білім бөлімінің
«№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

Еліміздің жалпы білім беретін мекемелерінде қазақ тілін оқыту I сыныптан басталады. Осы жастағы оқушылар тілдерді меңгеруде үлкен алғырлық таныта алады. Бұл оларға басқа жас топтарының оқушыларымен салыстырғанда аз уақыт пен күш жұмсай отырып, жаңа тілде қарым-қатынас негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде қазақ тілін оқыту бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, бұл оқушылардың ана тілінде сөйлеуінің дамуына, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға, оқушылардың жалпы оқу іскерліктерін қалыптастыруға оң әсер етеді.

Қазақ тілі оқушылардың лингвистикалық ой-өрісін кеңейтеді, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың жалпы сөйлеуінің дамуына ықпал етеді. Бұл жерде оқушылардың филологиялық білім беру негіздерін қалыптастыруға ықпал ететін барлық тілдік оқу пәндерінің өзара әрекеті көрінеді.

Арнайы курс бағдарламасы 2 - сыныптарда аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағат құрайды.

«Қызықты қосымшалар» таңдау курсы дәстүрлі тәсілден ерекшеленеді және оқушылардың қазақ тілінің грамматикасын стандартты емес формада егжей-тегжейлі үйренуге арналған.

Оқытудың мақсаты қазақ тілінің грамматикасын меңгеруде практикалық дағдылар мен біліктіліктерін қалыптастыру, оқушылардың мектептегі пәнге деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ қазақ тілін оқытуда психологиялық кедергілерді жеңу, бастауыш сынып оқушыларының тілдік мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай білуді қалыптастыру, сөйлеу, тыңдау, оқу және жазудағы қарапайым коммуникативтік біліктіліктерді қалыптастыру, сөйлеу, зияткерлік және танымдық қабілеттерін, сондай-ақ олардың жалпы оқу іскерліктерін дамыту, қазақ тілін одан әрі меңгеру уәждемесін дамыту, балаларды қазақ тілін қолдана отырып, жаңа әлеуметтік тәжірибеге баулу, бастауыш сынып оқушыларын қазақ достарының дүниетанымымен және көркем әдебиеттің қолжетімді үлгілерімен таныстыру, басқа елдердің өкілдеріне достық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, одан әрі психологиялық кедергілерді жеңу және қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану үшін бастауыш сынып оқушыларының жаңа тілдік әлемге коммуникативтік-психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету, тіл арқылы бастауыш мектеп оқушысын тәрбиелеу және жан-жақты дамыту болып табылады.

Қазақ тілінің грамматикасын оқу барысында тілдің әртүрлі бөліктерінің грамматикалық белгілерін егжей-тегжейлі талдауға, тілдің даму заңдылықтарын түсінуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бағдарлама ережелерді практикада қолдануға көмектеседі.

Курстың негізгі міндеттері:

-сөйлеу кедергісін жеңу үшін қолайлы психологиялық климат жасау және қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану;

-қазақ тілінде сөйлейтін, жазатын адамдармен өзара түсіністікке қол жеткізуге, дыбысталатын және жазбаша мәтіндер арқылы жаңалықты тануға мүмкіндік беретін қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілі туралы түсінік қалыптастыру;

-оқушының тұлғалық қасиеттерін, оның қиялын, зейінін, жадын дамыту, жаңа материалды меңгеру барысында, оның ойындарға, ситуативтік диалогтарға қатысу үдерісін дамыту;

-лингвистикалық ой-өрісті кеңейту; бастауыш сынып оқушылары үшін қолжетімді және қарапайым деңгейде ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеру үшін қажетті қарапайым лингвистикалық түсініктерді игеруге бағыттау;

-тілдік жүйенің бірліктері туралы білімді, жасырын орфограммаларды тану дағдыларын қалыптастыру және ережелерді есте сақтау үшін ең ыңғайлы логикалық тізбекті құру:

-лингвистикалық құбылыстар мен ұғымдар туралы түсініктерін қалыптастыру;

- оқушылардың сөздік қорын қазақ тілінің белсенді лексикасымен байыту;

-әр түрлі халықтардың тілдері мен мәдениетіне толерантты қарым-қатынасты қалыптастыру;

«Қызықты қосымшалар» курсына тақырыптық жоспарлау сөйлеу қызметінің барлық 4 түрінің дағдыларын жетілдіруді көздейді (тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім) және сөйлеу қабілетін дамытуды болжайды.

Осы курста қазақ тілін оқыту екінші сыныптан бастап қарастырылады және қазақ тілін тілін меңгеру негіздерін қалыптастыру мақсаты бар. Қазақ тілінің бұл курсы бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және қазақ тілін оқытуда жеке тұлғаға бағытталған, коммуникативтік-когнитивті, әлеуметтік-мәдени және іс-әрекет тәсілдерін жүзеге асыруға бағытталған. Ана тілінде де, қазақ тілінде де сөйлеу тәжірибесіне сүйене отырып, баланың сөйлеу және танымдық қабілеттерін дамыту - осы оқу курсына қойылған маңызды міндеттер.

Қазақ тілінде сөйлеудің грамматикалық жағын оқыту көбінесе ана тілінде сәйкес келетін, мысалы, уақыт, сан және т. б. түсініктері бар, оқытылатын грамматикалық категориялардың коммуникативтік қызметі туралы баланың эмпирикалық түсініктеріне сүйене отырып құрылады.

Жаңалығы

«Қызықты қосымшалар» курсы:

-оқушылардың қазақ тіліндегі сөздердің морфемалық құрамын түсінуін жеңілдетуге бағытталуы;

-оқушының билингвалды тұлғасын қалыптастыруда, екінші тілді үйретуде ана тілінде сөйлеу үдерісіне сүйенеді;

- оқытудың конструктивті тәсілдерін немесе жаңа тәсілдерін енгізу оқытудың табыстылығын арттыруға алып келеді;

-білім беру үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық және компьютерлік технологияларды қолдану;

- оқыту үдерісіне белсенді формаларды қолдану;

-білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық формалары;

- жетекші оқытудағы мұғалімнің жаңа рөлі.

Өзектілігі

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін деңгейлеп меңгерту көзделген. Бастауыш сатыда оқушыларға тілді меңгерудің қарапайым деңгейі ұсынылады. 2 сыныпта оқитын оқушы 1 сыныпта А1 – бастапқы жеңіл игерімнен 2-сыныпта А1. 1 – бастапқы орта игерімге дейін жетілдіреді. Алайда өзге ұлт өкілдері көптеп шоғырланған елді мекендерде белгілі себептерге байланысты жаңадан мектепке келген баланың қазақ тілін меңгеруі талап етілген деңгейге жетпей жатады. Оның себебі балалар оған дейін жеке заттардың қазақша атауын ғана біліп, олармен синтаксемаларды құрай білмеуінде, морфемаларды қолдана білмеуінде. Бұл жағдай тілдік орта жоқ жерде байқалады.

Сондықтан, «Қызықты қосымшалар» курсының бағдарламасы білім алушылар үшін тілдік дағдыларын қалыптастыру, білімін тәжірибеде қолдану үшін өзекті болып табылады. Бұл оқушылардың сауаттылық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді және кейіннен тілді үйренуге ынталандырады, білім алуды жалғастыруға, практикалық тұрғыда пайдалануға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға әзірленген курс қызметінің түрлі формаларының әсері білім алуды жалғастыруға, практикалық тұрғыда пайдалануға мүмкіндік береді.

Курсты оқыту жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келеді, оған сәйкес оқушылар «оқуды үйренуі»; өз бетінше, уәжді, мүдделі, сенімді, жауапты және

интеллектуалды дамыған тұлға болуы тиіс.

Қазақ тілі бойынша осы бағдарламада мақсатты ұстанымдарды және тілді үйренудің негізгі күтілетін нәтижелерін анықтайтын мақсат-бағдарлар тұжырымдалған:
- қазақ тілін үйрену нәтижесінде оқушылар қарапайым коммуникативтік құзыреттілікке ие болады, яғни, ауызша және жазбаша формадағы тілдік мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тіл тасымалдаушылармен қарым-қатынас жасау қабілеті мен дайындығы.
- оқушылардың лингвистикалық ой-өрісі кеңейеді, олар бастауыш лингвистикалық түсініктерді меңгереді, оларға қол жетімді және қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеруге қажетті қарапайым деңгейге қол жеткізеді;

Пәндік нәтижелер екі сала бойынша сараланады: коммуникативтік, танымдық.

1. Коммуникативтік саладағы пәндік нәтижелер:

- қарым-қатынастың типтік жағдайларында қарапайым этикеттік диалог жүргізу; диалог — сұрастыру (сұрақ-жауап) және диалог-әрекетке шақыру;
- элементарлық деңгейде затты, суретті, кейіпкерді сипаттай білу;
- сұхбаттасушыға сұрақ қоя отырып және оның сұрақтарына жауап бере отырып, қарапайым диалогқа қатысу;
- балалар фольклорының шағын шығармаларын, балалар әндерін жатқа айту;
- тікелей қарым-қатынас кезінде мұғалім мен сыныптастардың сөзін есту арқылы түсіну және естігендерге ауызша жауап беру;
- аудиожазбада оқыған тілдік материалда салынған шағын мәтінді есту арқылы қабылдау және ондағы ақпаратты толық түсіну;

2. Танымдық саладағы пәндік нәтижелер:

- қазақ тілінің тілдік құбылыстарын жеке дыбыстар, әріптер, сөздер, сөз тіркестері, қарапайым сөйлемдер деңгейінде салыстыру;
 - бастауыш мектеп тақырыбы шегінде жаттығулар орындау және өз пікірлерін құрастыру кезінде үлгі бойынша әрекет ету;
- Сабақты ағымдық және аралық бақылау үшін әр тақырыпты зерделеу қорытындысы бойынша әр тапсырмадан кейін ауызша түрде формативті бағалауды қолдану арқылы жобаларды қорғау, тестілеу, рефлексия жүргізіледі.
Алған дағдылары мен біліктіліктерін қорытынды бақылау тест нәтижесі бойынша жүргізіледі.

Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы(оқыту қазақ тілінде емес)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы «10»мамырдағы № 199 бұйрығына 3-қосымша.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 177-қосымша.

2.Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

3. Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 99 б.

4. 69 Казахская грамматика для русскоязычных: справочник-самоучитель для начинающих с упражнениями и ответами/ Е. Романенко. – 9-е изд. – Алматы: ИП «Романенко Елена Игоревна», 2013. – 136 с.

НОВЫЙ ГОРИЗОНТ ЗНАНИЙ: ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ШКОЛЬНОМ ЭЛЕКТИВНОМ КУРСЕ

Лан Наталья Юрьевна,
учитель информатики ГКП на ПХВ «Школа-лицей №27 имени
Қасым Қайсенова» акимата города Астаны

Аннотация

Мақалада 7, 8 сынып оқушыларына арналған «Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект әлемі» элективті курсы қарастырылады. Курстың негізгі бөлімдері сипатталған, соның ішінде ақпаратты сақтау және іздеу, деректердің шынайылығын тексеру, жасанды интеллектіні пайдаланып ақпараттық объектілер жасау. Курсты мектеп бағдарламасына сәтті енгізу бойынша перспективалар мен ұсыныстар қарастырылған. Негізгі сөздер: жасанды интеллект, промт-инженеринг, ақпараттық технологиялар, элективті курс, фактчекинг

В статье рассматривается элективный курс «Мир информационных технологий и искусственного интеллекта» для учащихся 7, 8 классов. Описаны основные разделы курса, включая хранение и поиск информации, проверку достоверности данных, создание информационных объектов с использованием искусственного интеллекта. Рассмотрены перспективы и рекомендации по успешному внедрению курса в школьную программу. Ключевые слова: искусственный интеллект, промт-инженеринг, информационные технологии, элективный курс, фактчекинг.

«Искусственный интеллект станет столь же важным, как электричество, и повлияет на все аспекты нашей жизни» — Рэймонд Курцвейл [3].

Современное общество стремительно развивается в направлении цифровизации и технологий искусственного интеллекта, что требует особого внимания к вопросам воспитания и дополнительного образования, способствующих формированию у подрастающего поколения необходимых навыков и ценностей для успешной адаптации в мире будущего. В последнее время «Искусственный интеллект» по праву стал лидирующей научной отраслью как в темпах своего развития, так и в широте и количестве практических приложений. Игнорировать это обстоятельство в школьных учебных программах уже нельзя [4]. В мае 2019 года британская газета «The Guardian» опубликовала материал об актуальности изучения искусственного интеллекта в современной школе [5]. В нем говорилось об экспоненциальном росте числа рабочих мест, связанных с искусственным интеллектом. В связи с этим мировое сообщество, понимая, насколько сейчас востребована подготовка специалистов, которые смогут занять эти рабочие места, активно решает задачу образования будущих профессионалов в области искусственного интеллекта и информационных технологий, начиная со школы [6].

В мире образовательные системы активно интегрируют искусственный интеллект в школьные программы. Например, в США и Китае школьники уже на ранних этапах обучения знакомятся с основами искусственного интеллекта. В Великобритании введены курсы, направленные на развитие навыков анализа данных. В Республике Казахстан, однако, искусственный интеллект изучается преимущественно в программе 11 класса естественно-математического направления. Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в своем выступлении отметил, что «подготовка молодых специалистов в области информационных технологий и искусственного интеллекта является приоритетной задачей для нашей страны» [6]. Это подчеркивает необходимость интеграции искусственного интеллекта в образовательные программы с раннего возраста, включая элективные курсы.

Элективный курс разработан для учащихся 7-8 классов. Объем программы: 34 часа. Продолжительность курса: 1 учебный год. Программа курса охватывает такие аспекты,

как хранение информации, поиск информации, проверка достоверности данных и создание информационных объектов с использованием искусственного интеллекта.

Элективный курс «Мир информационных технологий и искусственного интеллекта» призван восполнить пробелы в стандартной программе информатики, углубляя знания учащихся. Программа охватывает современные подходы и методы работы в области информационных технологий и искусственного интеллекта, направлена на формирование и развитие компетенций в обработке и управлении информацией.

Цель курса: Развитие у учащихся компетенций в области информационных технологий и искусственного интеллекта, позволяющих эффективно решать практические задачи, связанные с поиском, хранением, анализом, созданием и обработкой текстовой, графической и видеоинформации.

Задачи:

1. Научить учащихся эффективно использовать инструменты поиска информации в интернете и методам фактчекинга для критического анализа и оценки достоверности данных.
2. Обучить учащихся эффективно использовать облачные хранилища для хранения, организации и доступа к информации.
3. Развить навыки эффективного промт-инженеринга: Обучить учащихся формулировать точные и эффективные запросы (промты) для взаимодействия с языковыми моделями и другими системами искусственного интеллекта.
4. Обучить учащихся создавать информационные объекты, обрабатывать текстовую, графическую и видеоинформацию с применением современных технологий, включая искусственный интеллект, онлайн-платформы.

Раздел, работа с браузерами и облачными сервисами, рассматривается на более глубоком уровне, чем в школьном курсе предмета «Информатика». Ориентироваться в огромном массиве данных и умение быстро находить нужную информацию сегодня становится необходимостью. Как утверждает профессор Гарвардского университета Дэвид Вайнбергер, «умение искать информацию в интернете и оценивать её достоверность — это навык XXI века, который должен быть у каждого» [6]. Введение этих навыков способствует развитию у учащихся способности быстро адаптироваться к изменяющимся условиям и эффективно использовать технологии для решения практических задач.

Ключевой аспект курса — обучение навыкам фактчекинга. Данный раздел не изучается в школьном курсе предмета «Информатика». В современном мире, насыщенном информацией, способность проверять достоверность данных и находить надежные источники имеет критическое значение. Согласно исследованию, проведенному «Pew Research Center», 64% взрослых американцев считают фальшивые новости основной проблемой нашего времени [7]. В рамках элективного курса учащиеся изучают методы фактчекинга, включая работу с социальными сетями, видеоинформацией и изображениями. Навыки фактчекинга помогают учащимся критически оценивать информацию, избегать распространения дезинформации и принимать обоснованные решения на основе проверенных данных.

Одним из новаторских подходов в курсе является обучение формулированию точных запросов для взаимодействия с системами искусственного интеллекта (промт-инженерия). Этот аспект не рассматривается в стандартной программе информатики и является уникальным для данного курса. Изучение данной темы помогает учащимся развить навыки, необходимые для работы с искусственным интеллектом. Как отмечает профессор Йошуа Бенджио, один из пионеров глубокого обучения, «...умение правильно формулировать запросы для искусственного интеллекта становится столь же важным, как и умение программировать» [4]. Введение промт-инженеринга в элективный курс предоставляет учащимся уникальные навыки, которые будут востребованы в будущем. Программа курса также включает темы, посвященные обсуждению этических аспектов использования информации и искусственного интеллекта, что формирует у учащихся навыки медиа-грамотности и ответственное отношение к технологиям.

Курс ориентирован на решение практических задач, включает применение различных онлайн-инструментов и инструментов искусственного интеллекта для создания

графических, текстовых и видео материалов, что способствует более глубокому пониманию и применению полученных знаний, позволяя учащимся осваивать современные технологии и приобретать практические навыки работы с ними.

Содержание курса:

Раздел 1. Хранение и поиск информации: Путеводитель в мире цифровых технологий

Информационная революция: основы и перспективы (1 час).

Окно в мир цифровых просторов: Мировая сеть. Искусство пользования веб-браузером (2 часа).

Алхимия поиска: Как найти ответ в бескрайнем интернете (2 часа).

Будущее в облаках: Облачные технологии и их возможности (1 час).

Виртуальные коллаборации: Создание проектов в команде с использованием облачных хранилищ (2 часа).

Раздел 2. Фактчекинг: критический взгляд на информацию в цифровую эпоху.

Основы фактчекинга (1 час).

Оценка достоверности источников (2 часа).

Работа с графическими изображениями (2 часа).

Работа с видео информацией (2 часа).

Этика и ответственность в онлайн-коммуникации (1 час).

Раздел 3. Технологии будущего: искусственный интеллект и творческий потенциал.

Основы искусственного интеллекта (1 час).

Чат-боты и виртуальные ассистенты (1 час).

Что такое промт? Как правильно создать промт? (2 час).

Генерация текста с помощью ChatGPT (1 час).

Искусственный интеллект переводит тексты (1 час).

Программы для создания изображений с использованием искусственного интеллекта (2 часа).

Создание презентаций с использованием искусственного интеллекта (2 часа).

Этические аспекты использования искусственного интеллекта (1 час).

Раздел 4. Графический дизайн

Обзор онлайн-платформ для создания презентаций, инфографики, видеороликов (1 час).

Создание инфографики (1 час).

Создание презентации (1 час).

Создание тематических видеороликов (2 часа).

Реализация и защита итогового проекта (2 часа).

Особенности реализации программы: Программа реализуется с использованием активных методов обучения, включающих проектную деятельность и практическую работу с современными цифровыми инструментами.

Важно отметить, что к элективному курсу разработаны уроки с методикой проведения, тестовыми заданиями по разделам и мини-проектами. Разработанные уроки используют различные формы и активные методы обучения, такие как деловые игры, мозговые штурмы и кейс-методы. Названия уроков, такие как «Окно в мир цифровых просторов», «Алхимия поиска: Как найти ответ в бескрайнем интернете», «Будущее в Облаках: Облачные технологии и их возможности», «Что такое промт? Как правильно создать промт?» и т.д. интригуют учащихся, побуждая их к изучению нового, а предоставленные учителям методические материалы и ссылки на источники значительно облегчают работу в классе.

Курс был апробирован и показал положительные результаты. Для анализа эффективности курса использованы методы качественного анализа анкетирования учащихся. На начало курса была изучена типовая учебная программа по предмету «Информатика», проведено анкетирование с учащимися, и затем был проведен тест по разделам и темам курса в конце учебного года, который подтвердил положительные динамику. Тестирование показало, что 80% учащихся успешно освоили основы работы с облачными хранилищами, 75% научились эффективно использовать инструменты поиска

и методы фактчекинга, 80% продемонстрировали способность создавать информационные проекты с использованием искусственного интеллекта, а 70% учащихся успешно освоили основы промт-инженеринга и смогли применить их на практике. Анализ опросов показал, что большинство учителей и учащихся положительно оценивают влияние курса на образовательный процесс. Учащиеся отмечают, что курс помогает им лучше понимать современные технологии и применять их на практике.

Несмотря на явные преимущества курса, существуют и некоторые недостатки. Существует мнение, что чрезмерное увлечение искусственным интеллектом может привести к снижению творческого мышления и навыков межличностного общения у молодых людей. В условиях быстрого развития технологий учащиеся могут стать слишком зависимыми от автоматизированных систем, что может негативно сказаться на их способности решать сложные задачи без помощи искусственного интеллекта [8].

Однако плюсы данного элективного курса значительно перевешивают минусы. Обучение навыкам работы с искусственным интеллектом не только повышает уровень образования, но и готовит учащихся к вызовам будущего, играя важную роль в дополнительном образовании и воспитании, формируя у детей критическое мышление, ответственность и готовность к жизни в мире высоких технологий. В условиях стремительного развития технологий умение работать с искусственным интеллектом станет ключевым фактором успешной карьеры в любой области. Как отметил профессор Эндрю Нг, «Искусственный интеллект станет новой электрической энергией», и подготовка молодых специалистов в этой области должна начинаться со школьной скамьи [9]. Быть компетентным в области информационных технологий и искусственного интеллекта в современном мире — это необходимость, и данный курс делает важный шаг в этом направлении.

Список использованных источников:

1. Государственный образовательный стандарт Республики Казахстан (ГОСО РК).
2. Типовые учебные программы по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций основного среднего образования.
3. Рэймонд Курцвейл, «Как ИИ изменит мир», 2022.
4. Йошуа Бенджио, «Глубокое обучение и его применение», 2021.
5. The Guardian, “The importance of studying artificial intelligence in modern school”, 2019.
6. Касым-Жомарт Токаев, «Подготовка молодых специалистов в области информационных технологий», выступление на Форуме, 2021.
7. Pew Research Center, «Фальшивые новости и их влияние на общество», 2019.
8. Дженнифер Мэрфи, «Навыки XXI века: Почему важно учить детей ИИ», 2021.
9. Эндрю Нг, «ИИ как новая электрическая энергия», 2023.
10. Шэрон Голдман, «Этика искусственного интеллекта: вызовы и решения», 2022.

ТАБИҒАТТЫ БЕЙНЕЛЕУДЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Т.Ш.Кожантаев
Астана қаласы әкімдігінің
«Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебі» МКҚК

Бейнелеу өнерін мектепте оқыту бағдарламасы бойынша табиғатты бейнелеу тақырыбына арналған сабақтарда дәстүрлі әдістермен қатар, дәстүрлі емес әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту мәселесі мақалада кеңінен қамтылған. Табиғат жанрын және табиғатты бейнелеу әдістерін тәжірибелік зерттеу нәтижесінде жалпы орта білім беретін және көркемөнер мектептерінің бейнелеу өнері мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде арналған «Табиғатты бейнелеу» атты әдістемелік нұсқаулыққа тақырып бойынша қысқаша тарихи, ғылыми мәләметтер, жаңа сабақ үлгілері мен оқушылардың шығармашылық жұмыстары енгізілді. Табиғатты бейнелеуде дәстүрлі емес әдістерді қолдана отырып оқушының креативті ойлауын дамытуды, жан-жақты мүмкіндіктері мол бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыруды, айнала қоршаған ортадағы әсемдікті сезінуге және ұлттық құндылықтарды үзбей бойға сіңіруге тәрбиелеу көзделген.

Тірек сөздер: табиғат, бейнелеу, дәстүрлі емес, әдістер, шығармашылық, дамыту.

Бейнелеу өнеріндегі табиғат жанрын оқушыларға таныстыра отырып, табиғатты бейнелеуді оқыту үрдісіндегі бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдістермен қатар, дәстүрлі емес жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану балалар шығармашылығының көкжиегін кеңейте түседі. Табиғатты бейнелеу тақырыбы басқа да жанрлармен, өнер түрлерімен және табиғи ортамен өзара өте тығыз байланыста болып өзіне көптеген құнды ақпарат қорын жинайды.

Бүгінгі балалардың ғаламтор әлеміне тәуелді болуы, өмірлік құндылығы жоқ ақпараттарды талғамсыз бойына сіңіру қаупі баршаны алаңдатады, себебі олар табиғи шынайы өмірден көп алыстайды. Сондықтан, балалардың табиғатпен үнемі байланыста болып, табиғат көріністерін бейнелеп дағдылануы оларды шығармашылыққа баулып, креативті қабілеттері мен ізгілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды қызмет атқарады.

Табиғатты бейнелеу арқылы өскелең жас ұрпақты табиғат сұлулығына сүйсініп, әсемдік сезімін бойына сіңіріп, өз ойын еркін білдіруге және айнала қоршаған табиғи ортадағы өмірге араласып, оны сүйіп, қорғауға тәрбиелейді.

Бейнелеу өнерінің тәжірибелі мұғалімі ретінде табиғат жанрын ұзақ жылдар бойы зерттей жүріп, осы тақырып бойынша әр түрлі әдістерде көптеген сабақтар өткізіп, нәтижесінде «Табиғатты бейнелеу» атты әдістемелік шағын еңбегім жарыққа шықты.

«Табиғатты бейнелеу» әдістемелік нұсқаулығы мектепте бейнелеу өнерін оқыту бойынша табиғат жанры тақырыбының проблемалары мен өзектілігін зерттей отырып, жаңа әдістерді практикада қолданып өзіне төмендегі мақсат-міндеттер жүктейді.

Мақсаты: оқушылардың көркемдік эстетикалық біліктілігін, шығармашылық ойлау, өз ойын сурет арқылы айта білу қабілеттілігін дамыту және өнер туындыларын қазіргі заман талабына сай қабылдаудағы көркем-бейнелі ойлауын қалыптастыру.

Міндеттері: оқушыларды әлемдік және ұлттық бейнелеу өнерінің белгілі туындыларымен таныстыру арқылы олардың көркемдік теориялық білімін жетілдіру; өнер туындыларын қабылдауда өзіндік эстетикалық талғамы мен шығармашылық ойлау қабілетінің дамуына жағдай туғызу; табиғатты бейнелеуде графика мен кескіндеменің мәнерлі құралдарын және дәстүрлі емес әдіс-амалдарын тәжірибеде пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру арқылы өз бетімен шығармашылық жұмыс істеуге белсенділігін арттыру.

Бүгінгі таңда мектептердегі бейнелеу өнерін оқыту практикасында дәстүрге айналған кеңістікті бейнелеу ережелеріне бағынған және академиялық орындау

мәнеріндегі әдістердің бірізділігі әрі оның ұзақ мерзімді қайталана беруі оқушыларды тез жалықтырып, шығармашылық дағдарысқа ұшыратады. Соның ішінде табиғат көріністерін бейнелеу жылдың көп мезгілінде сынып бөлмесінде еске сақтау бойынша және суреттерден қарап көшіру арқылы орындалуына байланысты оқушылардың шығармашылық ынтасын арттыру үшін дәстүрден тыс әдістерді пайдалану қажеттілігі туындайды.

Күнделікті дәстүрлі әдістермен қатар, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдану, мысалы: «Кофе кескіндемесі», «Қытай кескіндемесі», Акварельдегі дәстүрлі емес әдіс-амалдар «құрғақ қылқалам», пуантилизм, монотипия, балауыз қарындаштарды пайдалану сияқты көптеген сабақтар оқушыларды жан-жақты тәжірибелік ізденістерге жетелеу арқылы олардың креативті ойлауын қалыптастырады және шығармашылық көкжиегін кеңейте түседі.

Акварель техникасындағы монохромдық кескіндемеге ұқсас кофемен сурет салуда жеңіл пайдаланады, сондай-ақ мұнда қырнау, үрлеу, шашырату немесе бүрку, қант себу және тағыда басқа толып жатқан дәстүрлі емес әдіс-амалдарды үйлестіріп қолдану тәжірибесі оған ерекше әсер беріп жаңа ізденістерге жетелейді.

Табиғатты бейнелеуде Қытайдың У-син кескіндеме әдісін пайдалану оқушыларды қылқаламмен бірден жазу шеберлігін арттырады және ақсат-міндеттерді көздейді:

- Оқушылардың өнерге ынтасын арттырып, көркемдік білімін өсіру және шығармашылығын дамыту;
- Қытай кескіндемесі туралы қысқаша мәлімет беру;
- У-син кескіндемесінің әдісімен танысып, жаттығулар орындау.
- У-син кескіндемесінің жазу әдісін меңгеру және дәстүрлі емес тәсілдерді қолданып уйрену.

Қытайдың гохуа деп аталатын кескіндемесі тәсілдерінің үйлесімі негізінде құрылған, өзін-өзі дамыту техникасы У-син кескіндемесімен танысамыз.

У-син – бұл бес алғашқы элементтер жүйесінен тұрады. – ағаш, от, металл, су, жер. Бұл бүкіл ежелгі Қытай дүниетанымының негізінде алынған және бес элемент бес энергия сапасын белгілейді.

Кескіндемеде осы элементтердің әр-қайсысына белгілі бір қимылдар сәйкес келеді және осы бес түрлі жағылымдармен У-син суретшісі өз картинасын жазады.

| Элементтер | Қозғалысы | Жазу үлгісі |
|--------------------------|--|---|
| Жер (топырақ) | <i>Қылқаламды тізінен немесе көлбеу бұрыш жасап ұстап нүктелермен және дақтармен салады</i> |  |
| Ағаш | <i>Қылқаламды тізінен немесе көлбеу бұрыш жасап ұстап нүктеден басталып нүктемен аяқталатын түзу және қисық сызықтармен салады</i> |  |
| Металл | <i>Қылқаламның алғашқы нүктесі қағаз бетінде басталып, тез қозғалып жоғары көтеріліп жіңішкеріп аяқталады</i> |  |
| От | <i>Қылқаламмен өте тез қозғалыс жасап екі ұшы да жіңішкеріп жазылатын қысқа жағылыммен орындалады</i> |  |
| Су | <i>Қылқаламды қағаз бетінде әр түрлі айналдырып қозғау арқылы орындалады</i> |  |



Көркем образдың пайда болуы көру арқылы алған әсерлермен байланысты. Осы әсерлері неғұрлым анық болып, олардың қоры мол болса, соғұрлым кенеттен пайда болған мәселелерді шешу барысында, өз ойын сурет арқылы айтуға талпынысында қысылмай, өзін еркін сезінеді

Табиғатты бейнелеу тақырыбына арналған сабақтарда суретші шығармаларымен танысу оқушылардың өнерге қызығушылығын оятып білімін толықтыра түседі. Сол себепті пейзаж жанрының қысқаша тарихы және педагогтың сабақ жоспарының үлгілері жинаққа енгізілді.

Кеңістікті бейнелеу заңдылықтары мен ережелерін меңгеру және тұстану бойынша тапсырмаларды орындаумен қатар, арасында дәстүрлі емес техникалар түрінде табиғат көріністерін кескіндеуге арналған жаттығулардан құрылған сабақтарын өткізу, шәкірттердің шеберлігін шыңдай түсіп креативті шығармашылығына жол ашады.

Үнемі натурадан қарап жұмыс жасайтын оқушылардың қозғалыстағы заттарды бейнелеу кезінде, суреттегі қозғалысты көрсетуге, табиғат құбылысын суреттеуге байланысты тапсырмаларды орындау барысында қиналатынын жиі байқауға болады. Осы мезгілде көрінбей тұрған нәрсені көз алдына елестетіп және оны бейнелей білуі суретшінің қалыптасуында маңызды рөл ойнайды. Қысқа мерзімді этюдтарды натурадан қарамай ойша орындау тәжірибесі оқушылардың еске сақтау және елестете отырып өз ойынан сурет сала білу қабілетін дамыту үшін кеңінен қолдану керек. Әсіресе, кескіндеме және композиция сабақтарында табиғат көріністерін бейнелеуді тақырыптық тапсырма ретінде беріледі. Сонымен қатар, пленер практикасының алдында кіріспе сабақта және соңында қорытындылау кезінде кеңістікті бейнелеу туралы білімдерін арттыру үшін және акварель техникасындағы шеберлігін шыңдау мақсатында жүзеге асыру қажет. Осындай әдіспен акварель техникасында дәстүрлі емес әдіс-амалдарды шеберлікпен қолданып қысқа мерзімді табиғат этюдін жазып үйрену, оқушының көркемдік ойын дамытып шығармашылығын арттыруда өте тиімді.

Пәнаралық байланыс әдісі бойынша табиғат тақырыбындағы шағын көлемді әдеби шығармаларды, мысалы өлеңдерді иллюстрациялау тапсырмалары оқушының шығармашылық ізденіспен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады. Суретшілік пен ақындықтың егіз өнер екендігі туралы ұлы ғұламалар Әл-Фараби «Өлең өнері – сөзбен, ал живопись өнері бояумен құлпырады» десе ал, Леонардо да Винчи «Живопись – бұл көруге болатын поэзия, ал поэзия – бұл тыңдауға болатын живопись» деп өздерінің еңбектерінде баға берген болатын.

Бейнелеу өнерінде ерекше орын алатын табиғат жанрының осы өнердің өз ішіндегі көптеген түрлерімен және бірқатар басқа өнер салаларымен тығыз байланыста болуы

оның өмірлік маңызын арттыра түседі.

